

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ  
*«Гигиена – 1, дене шынықтыру және валеология» кафедрасы.*

Пәні аты: «Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы»  
Мамандық: 5В 110400- «Медициналық-профилактикалық іс»

## Дәріс №12

### Тақырыбы: Алты жастағы балаларды оқытуды гигиеналық ұйымдастыру қағидалары.

Лектор: Жумадилова Ақмарал Рахматуллақызы

Шымкент 2014ж.

## **6 жасар балалардың мектепте оқуға функционалдық дайындығы.**


Кеңестер Одағының Оқу ағарту және  
Денсаулық сақтау министрлігінің бірқатар  
мөлшерлік құжаттары және одан кейін болған  
мектеп реформасы (1984 ж) 6 жастағы  
балаларды дайындық (нөлдік) сыныптарға  
мектепте оқытуға көшіруді қарастырды,

Қазіргі кезде Қазақстанда дайындық сыныптары барлық жерде ашылды және сол жылдың бірінші қыркүйегінде 6-7 жасқа толатын балаларды жалпы білім беру мектептерінің бірінші сыныптарына қабылдай береді. Мектепке бару мектепке баратын баланың денсаулығына белгілі талаптар қоятын бала өмірінің ең маңызды кезеңі. Мектепте оқу баланың денсаулық жағдайын төмендетпей, керісінше, баланың жан-жақты дамып жетілуіне қолайлы әсер етуі керек.



Мектепке оқуға алғашқы рет баратын балалар, міндетті түрде функционалдық дайындықтарын - «мектептік ер жетуі» қоса анықтайтын, толық медициналық тексерумен қамтамасыз етілуі керек. Бұл жұмыс екі кезеңмен жүргізіледі және мектеп жасына дейінгі балаларға салауаттандыру шараларын жүргізумен қатар, олардың қажетті функцияларын түзетуді қарастырады. Бірінші тексеру оқуға баратын жылдың алдында қазан-қараша айларында жүргізіледі. Тексеру бала-бақшада немесе балалар емханасында (ұйымдастырылмаған балалар үшін) педиатр, офтольмолог, психоневропатолог, хирург, ортопед және тіс дәрігерінің қатысуымен жүргізіледі.

Балалардың мектепке оқуға дайындық дәрежесі екі белгі бойынша анықталады: медициналық және сихофизиологиялық. Медициналық белгілер жоғарыда айтылған мамандармен анықталады және:

- биологиялық даму дәрежесі;
  - тексеру кезіндегі денсаулық жағдайын;
  - өткен жылғы жедел ауру-сырқаулар жағдайын анықтауды қамтиды.
- 

Психофизиологиялық белгілер мектепке дейінгі мекемелердің медициналық дәрігері немесе балалар емханасының дәрігерінің тексеруі арқылы анықталады және:

- ***Керна-Ирасека тестін;***

-дыбыс жүйесінің сапасын анықтауды қамтиды.

- Бірінші терең тексеруден кейін денсаулық жағдайында ауытқулары бар балалар, балалар емханасына емделуге жіберіледі.

- Тіл дамуындағы кемшіліктерді жоюды логопед жүргізеді, моторикадағы кемшіліктерді түзетумен (сурет салу, жазу) тәрбиеші немесе ата-аналары айналысады. Мектепке түсетін жылы балаларды қайтадан тексеру, баланың **«мектептік ер жету»** туралы сұрақты толық шешеді.

□ Биологиялық дамуы артта қалған балалар, яғни, өте аласа бойлы, соңғы жылы бой ұзындығының қосылуы 4 см кем, тұрақты тістері шықпаған балалардың мектепке баруы 1 жылға шегеріледі.

□ Мектепке баруды шегерудің негізі ретінде алынатын ауру-сырқаулардын (көрсетілген ауру-сырқаулармен балалар ауырып жүрсе немесе мектепке түсер жылы ауырып, жазылған болса, мектепке баруы 1 жылға шегеріледі) тізімі.  
жасалған,



□ Олар: пиелонефрит, туберкулез, жұқпалы гепатит, менингит, ревматизм, жоғары тыныс жолдарының жедел аурулары (4 рет және одан да көп ауырса) қан аурулары және т.б.

□ Дыбыс қолдануында кемділігі бар және *Керн Ирасека тестерін 9 баллдан жоғары орындаған балалардың да мектепке баруы 11 жылға шегеріледі.*





□ Баланың мектепке оқуға даярлығы жөніндегі сұраққа өте жауапкершілікпен қарау керек. Американдық педагогтар балаларды оқытып, ал мектепке 4 жастан баруды ұсынады. Мұндай шешім өсу мен дамудың табиғи процестің бұзып, балалардың денсаулығын нашарлатуы әбден мүмкін болғандықтан гигиенистердің ашық қарсылығын туғызады.



□ Сонымен қатар көптеген гигиеналық зерттеулерде 7 жасқа дейінгі балалардың басым көпшілігі мектепке баруға дайын еместігі анықталады. Бұл кезеңде, балаларды қалыптасқан динамикалық стереотиптің өзгеруіне дайындау және физиологиялық жүктемені жоғарылату үшін баланы бала бақша жағдайында да, жанұяда да әбден жаттықтыру қажет.

□ Оқу жүктемесі өсіп келе жатқан ағзаның функционалдық мүмкіндігіне сәйкес болуы керек, ал орынды жаттығулар балалардың табиғи мүмкіндік қорының жоғарылауына жағдай жасайды.



***НАЗАР  
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!***

